

А.Б. Альчимбаева^{1*} , Н.С. Алгожаева¹ , Д.Б. Саманова² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: aigul.bakitzhan@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ ЖҰМЫС БАҒДАРЫ

Мақалада мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларын психологиялық сүйемелдеу бағытында әлеуметтік педагогтың жұмысы ұсынылған. Мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушылардың қолайлы психологиялық ахуалын барынша іске асыруға бағытталған интегративті технологиялар оларды психологиялық тұрғыда қолдау мен сүйемелдеу жұмысына бағытталады. Мақалада мектеп жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық сүйемелдеу тәжірибесі сипатталған. Мақалада осы мәселемен айналысқан жетекші ғалымдардың ғылыми еңбектері көрсетілген. Психологиялық сүйемелдеу бағытын әзірлеу мен қамтамасыз етуде педагогтардың, психологтың, әлеуметтік педагогтың, мектеп медицина қызметкерінің және мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарының өзара ынтымақтастық жолдары қаралды. Аталған мәселелердің негізінде психологиялық сүйемелдеудің жаңа әдістері мен интернет ресурстары пайдаланылған және тәжірибелік-педагогикалық жұмыс бағдарламасы құрылды. Кедергі келтіретін проблемаларды жоюға ықпал еткен іс-шаралар өткізілді және сындарлы қарым-қатынастарды құруда психологиялық климатты жақсарту динамикасы ұсынылды. Сонымен қатар, мақала мазмұнында мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын мамандардың жеткіліксіз болғаны, жаңа білімнің қыр-сырын ұғыну, түсіну қиын болғанымен, қазіргі таңда арнайы мамандар-логопед, дефектолог, олигофренопедагог, әлеуметтік педагог, психолог мамандар қайта даярлаудан өтіп, сонымен бірге пән мұғалімдері қайта даярлау курстарынан өтіп инклюзивтік білім беру бойынша жұмыс жүйесі түзеліп келетіні сипатталған.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, психологиялық сүйемелдеу.

A.B. Alchymbayeva^{1*}, N.S. Algozhayeva¹, D.B. Samanova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: aigul.bakitzhan@mail.ru

Directions of psychological support of a social teacher with students in need of special education

The article presents the work of a social pedagogue in the direction of psychological support of school students with disabilities. Integrative technology aimed at maximizing the realization of a favorable psychological climate for students with disabilities includes the following aspects: areas of psychological support and support, psychological adaptation, planned implementation results. The article describes the experience of psychological support of children with disabilities in school conditions. The article highlights the scientific works of leading scientists who have dealt with this issue. In the development and provision of the route of psychological support, the ways of interaction between teachers, a psychologist, a social pedagogue, school medical staff and parents of children with disabilities were considered. Based on the identified problems, a program of experimental pedagogical work was built, where new methods and Internet resources of psychological support were used. Measures were carried out that contributed to the elimination of obstructive problems and presented the dynamics of improving the psychological climate in building constructive relationships. At the same time, the content of the article notes that there are not enough specialists working with children with disabilities, since it is difficult to comprehend and understand all the subtleties of new knowledge in this direction. Additionally, the article describes the system of work on inclusive education, where special specialists—speech therapists, speech pathologists, oligophrenopedagogues, social educators, psychologists are retrained.

Keywords: inclusive education, children with disabilities, children with special educational needs, psychological support.

А.Б. Альчимбаева^{1*}, Н.С. Алгожаева¹, Д.Б. Саманова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: aigul.bakitzhan@mail.ru

Направленность работы социального педагога в психологическом сопровождении детей с особыми образовательными потребностями

В статье представлена работа социального педагога школы в направлении психологического сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья. Интегративная технология, нацеленная на максимальную реализацию благоприятного психологического климата учащихся с ограниченными возможностями включает ряд мероприятий, направленные на психологическую поддержки. В статье выделены научные труды ведущих ученых, которые занимались этой проблематикой. В разработке и обеспечении маршрута психологического сопровождения детей с ограниченными возможностями были рассмотрены пути профессионального взаимодействия педагогов, психолога, социального педагога, школьного медицинского персонала и родителей. На основе выделенных проблем была построена программа опытно-педагогической работы, где использовались новые методы и интернет ресурсы психологического сопровождения. Проведены мероприятия, которые поспособствовали устранению препятствующих проблем и представлена динамика улучшения психологического климата в построении конструктивных отношений. Вместе с тем, в содержании статьи отмечено, что специалистов, работающих с детьми с ограниченными возможностями, недостаточно. Дополнительно в статье описана система работы по инклюзивному образованию, где проходят переподготовку специальные специалисты-логопеды, дефектологи, олигофренопедагоги, социальные педагоги, психологи.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями здоровья, дети с особыми образовательными потребностями, психологическое сопровождение.

Кіріспе

Бүкіл әлемде инклюзиялық білім беру жүйесі қарастырылған. Мұндай санаттағы оқушылардың қоғамға бейімделуі, білім алуы бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар немесе ерекше білім беруді қажет ететін балалар қоғамның толыққанды мүшесі болып, басқа балалармен қарым-қатынас жасай алатындай қалыптасқан әлеуметтік ортада тәрбиелеу және жалпы орта мектепте сапалы білім алуына жағдай жасау бүгінгі күнде еліміздің білім саласы ұйымдарының міндеттерінің біріне айналуда.

Осы міндеттерді шешуге бағытталған сұрақтар Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық құжаттарында қарастырылған. Аталған құжаттардың өзегінде мүмкіндігі шектеулі балалар (тұлғалар) және барлық оқушылардың жекелік мүмкіндіктері ескеріле отырып, сапалы білім алудағы тең құқығы бар делінген.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес елімізде 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беру біртіндеп енгізілуде. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының 1.1 тармақшасында «Қол жетімділік пен инклюзивті білім беру» бағдары нақтыланған және арнайы міндеттері түзілген:

– инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз ету-

ді, жұмыс біліктілігі бойынша сұранысқа ие арнайы кабинеттерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын құруды, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды; – ерекше білім беруге қажеттіліктері бар тұлғалар үшін білім берудің барлық деңгейлеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде қаржыландырудың жоғары нормативі қарастырылған, оларды оқыту үшін мемлекеттік тапсырыс ұлғайтылған.

Қойылған мақсаттар жалпы білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістемесімен қамтамасыз етудің қажеттілігін көрсетеді (Қаулы, 2019) [1]

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «2021 жылғы» халыққа Жолдауында осы мәселеге баса назар аударып, «Қамқорлығында ерекше білім қажет ететін балалары бар отбасыларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Тек ресми статистика бойынша 80 мыңнан астам бала ерекшелігіне байланысты есепте тұр. Үкімет БҚП (Балалардың церебралдық параличі) диагнозы бар балаларға медициналық және әлеуметтік қолдау көрсетуді жақсарту үшін шаралар қабылдауы керек. Балаларға қолжетімді болуы үшін шағын және орташа оңалту орталықтарының желісін кеңейту қажет. Біз ерек-

ше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз»- деп аталған мәселенің маңыздылығын көрсетті. Сонымен қатар, Үкіметтің 2021 жылғы кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы: «Тұрақты дамуды, инклюзивтілікті және білімдегі теңдікті қамтамасыз ету үшін 15 базалық аймақтық университеттерді түбегейлі жаңарту қажет», – деп нақтылап, жауапты уәкілетті органдарға тапсырма береді (Жолдау, 2021) [2].

Тапсырма өзегінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс барысындағы әлеуметтік педагогтың кәсіби әлеуетін арттыру және кадрлық жүйесін жақсарту мәселесі назарға алынды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға білім мен тәрбие беру траекториясының бірі әлеуметтік педагогтың кәсіби дайындығы мығым болуы шарт.

Зерттеудің мақсаты: Әлеуметтік педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізетін психологиялық сүйемелдеу жұмысының теориялық сипатын ашу және тиімді жолдарын педагогикалық-тәжірибе жұмыс барысында тексеру.

Зерттеу нысаны: ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқу-тәрбие жұмысы.

Зерттеу пәні: ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін психологиялық сүйемелдеу жұмыс үдерісі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерге шолу жасалды және заңнамалық құжаттар негізге алынды. Жалпы әлеуметтік педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларымен жүргізетін психологиялық сүйемелдеу, қолдау жұмыс бағдары қарастырылды. Негізгі кілттік ұғымдарына ғалымдардың еңбектері негізінде анықтама берілді. Сонымен қатар педагогикалық материалдарды саралау, жүйелеу және өңдеу жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін психологиялық қолдау жұмысының түрлері бойынша тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, ұсыныстар берілді.

Әдебиетке шолу. Мақала жазу барысында бірқатар Рейсей ғалымдарының еңбектері қарастырылды. А.Л. Сиротюктің «Нейропсихологическое и психофизиологическое сопровождение обучения» әдістемелік құралы (Сиротюк,2003) [3], В. А. Ардзинбаның «Инклюзивное образование инвалидов в Соединенных Штатах Аме-

рики» // Электрондық журнал «Психологиялық ғылым және білім» сериясы(Ардзинба,2010) [4].

Зерттеу тақырыбына қатысты бірқатар ғалымдардың еңбектері, ғылыми мақалалары қарастырылды. Тақырыптың мазмұндық сипатын, тәжірибелік жұмыс бағдарын құрастыруда арқау болған еңбектердің қатарында И.Г. Елисеева, А.К. Ерсаринаның (Елисеева, Ерсарина,2019) [5] «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру мектебінде психологиялық педагогикалық қолдау көрсету» әдістемелік нұсқаулығы, Т.К. Шилденованың (Шилденова,2014) [6] «Инклюзивті білім беруде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ортасы» инклюзивті білім беру мектептерінің мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралы, А. Рахимованың «Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы» оқу құралы (Рахимова, 2015) [7], Ж.Т. Махамбетованың «Формирование профессиональных компетенций будущих социальных педагогов к работе в условиях инклюзивного образования» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясы (Махамбетова,2023) [8].

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Зерттеудің бірінші кезеңінде инклюзиялық білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, психологиялық сүйемелдеу терминдеріне іргелі ғалымдардың тұжырымдары негізінде теориялық сипаттама берілді. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды психологиялық сүйемелдеуге қатысты әдістемелік әзірлемелер және басқа да дереккөздер, соның ішінде мемлекеттік нормативті құжаттар, арнайы бағдарламалар, ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары болды.

Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша әлеуметтік педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін психологиялық сүйемелдеу бағдары құрастырылды және тәжірибелік жұмыс барысында сыналды. Тәжірибелік жұмыс бағдарламасының мазмұнына сауалнамалар, интернет-ресурс (YouTube -тегі мотивациялық сабақтар кешені) материалдарының жиынтығын көрсету арқылы талдау жұмысы жүргізілді.

Үшінші кезеңде қалыптастырушы кезеңде қолданылған әдістемелер тиімділігін көрсетті және туындаған мәселелер бойынша ұсыныстар берілді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы негізінде жарияланған «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің нормативті-құқықтық қамтамасы» құжатында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларының жалпы ережелері ұсынылады. Ережелердің мазмұнында ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайларды жақсарту, қамтамасыз ету деп көрсетілген.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 1990 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;
- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;
- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;
- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, арнайы парталар, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық- педагогикалық сүйемелдеудің,

арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты игі істер жүзеге асырылу шаралары жүргізіліп келеді (Мағауова,2019)[9].

Бүгінгі таңда ерекше білім беруді қажет ететін балалардың санатына, денсаулығына байланысты қиындықтарға тап болған балалар санаты жатады. Бүгінгі таңда елімізде олардың саны 161 мыңнан асады. Өкінішке қарай, бұл санаттағы балалардың саны жыл сайын 3 пайызға өсіп отырғаны белгілі. Әсіресе психикалық дамудың тежелуі, сөйлеу қабілетінің бұзылуы, нашар көретіндер, есту қабілетінің мүкестігі, ақыл-есі кемдігі, тірек-қимыл қозғалыс аппараты мен аутизм спектрінің бұзылуы сынды ақаулар орын алады. Елімізде аталған ақауларға шалдыққан оқушылар санаты жалпы білім беретін мекемелерде тең құқылы екенін ескерсекте, олармен жұмыс жүргізу барысында көптеген факторлар ескерілетіні анық. Оларды психологиялық тұрғыда белгілі ортаға бейімдеу, білімді іске асыруда қосымша әдістемелік қорды қамтамасыз ету қоғам талабы. Сондай-ақ, саналы түрде ұйымдастырылған білім беру кеңістігі, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың әдістері олардың танымдық және жеке әлеуетін белсендіруге және іске асыруға, сондай-ақ денсаулықтың (көру немесе есту) бастапқы бұзылуының көрінісін тегістеуге мүмкіндік береді. Мұндай категориядағы балалармен мектепте пән оқытушысы, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагогтар қатар жұмыс атқарады.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметі аясындағы міндеттер, біліктілік аясы, іскерлік мүмкіндіктері жалпыдан бөлек ерекше білімді қажет ететін балалармен жүргізілетін жұмысты күшейтеді. Негізі жұмыс түрлері қатарына: психологиялық сүйемелдеу және қолдау, қоғамға бейімделу, коммуникациялық жүйені ізгілендіру, білім алудағы келеңсіздіктерді жою т.б.

Зерттеу тақырыбының мазмұндық сипатын ашуда ең алдымен кілттік ұғымдарға тоқталсақ «**Инклюзивті білім беру**» – бұл барлық бала өздерінің физикалық, ақыл-ой, интеллектуалды және басқа ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне енгізілген және мүмкіндігі шектеусіз құрдастарымен бірге оқытылатын оқыту және тәрбиелеу үдерісі. Барлық оқушылар жеке қасиеттеріне неме-

се проблемаларына қарамастан білім алуға құқылы деген трансформациялық мазмұнға ие. Ал **«Ерекше білімді қажет ететін балалар»** – бұл арнайы педагогикалық және психологиялық тұрғыда көмек алуға және оларды тәрбиелеу мен оқытуда ерекше жағдайларды ұйымдастыруға мұқтаж балалар тобы. Олармен қашықтықтан оқыту, үй жағдайында оқыту, арнайы мектептің түзету сыныптарының оқу-тәрбие үдерісі негізінде жұмыс жасау бағдарын атаймыз. **«Психологиялық сүйемелдеу»** – білім беру үдерісіне қатысушылардың іс-әрекетінің тиімділігін қолдауға бағытталған психолог қызметінің интегралды жүйесі (Яковлева, 2012) [10].

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері:

- Адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес;

- Әр адам сезінуге және ойлауға қабілетті;

- Әркімнің сөйлесуге және оны тыңдауға құқығы бар;

- Барлық адам бір-біріне мұқтаж;

- Білім шынайы қарым-қатынастар аясында ғана жүзеге асуы мүмкін;

- Барлық адам өз құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді;

- Барлық оқушы үшін жетістікке жету – оның орындай алатын әрекеті;

- Жан-жақтылық адам өмірінің аясын кеңейтеді.

Аталған принциптерді ұстана отырып, әлеуметтік педагогтың ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізетін психологиялық жұмыс түрлерін атаймыз: психологиялық тренингтер, сұхбаттасу, психологиялық ахуалды тексеруді бақылау, вербалды әңгімелер мен тесттер жүргізу.

Зерттеу тақырыбының нысанына сай ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін психологиялық қолдау, сүйемелдеу мәселесі бүгінгі күні өзектілігін айқындауда. Тақырыптың проблемалық нысандарын белгілеу үшін арнайы қысқа мерзімге тәжірибелік жұмыс жоспарланды.

Тәжірибелік жұмыс базасы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, М.Базарбаев атындағы №138 мектеп-гимназия.

Өту мерзімі: 13.03.2023- 21.04.2023 жж. аралығында

Респонденттер саны – 6 (медициналық сараптау категориялары: тіл кемістігі, тірек қозғалысының мүкістігі, есту қабілетінің төмендігі)

Әлеуметтік педагогтың мектептің білім беру жүйесі негізінде ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасауы бірнеше секторлармен серіктесетіні белгілі. Олар мектеп психологы, сынып жетекшісі, мектеп медицина қызметкері, пән оқытушылары, ата-ана және мектептің жалпы басқарушылық санаты. Тақырыптың өзектілігін айқындау барысында аталған секторлардың дені мұндай категориядағы оқушыларға әсіресе үздіксіз психологиялық қолдауды қажет екені анықталатынын атайды. Сонымен қатар, психологиялық сүйемелдеуге бағытталған әдістемелік қордың жаңаша форматымен толығын, тиімді әдіс-тәсілдердің қолдану қажеттігін талап етеді деп түсіндіреді.

Аталған проблемаларды шешуге бағытталған тәжірибелік жұмыс бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама оқушылар арасында дискриминацияны болдырмау ережесіне сай жалпы 6 «А», «Ә»-7 «А» сыныптың оқушыларына арналды. Таңдалған сыныптарда ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны 6.

Мектепте инклюзия санатындағы оқушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мақсаты баланың оңтайлы дамуы, оны қоғамға сәтті интеграциялау үшін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мыналарды қамтиды:

– тұлғаның когнитивті-танымдық саласын диагностикалау, педагогикалық бақылаулар;

– жеке тұлғаның дамуы, оқудың сәттілігі үшін қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау;

– балаға нақты психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

Осы бағыттарды анықтаған кезде біз инклюзия мәселесіне ғана емес, сонымен қатар барлық қатысушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын бұқаралық ортаны қалыптастыруға арналған заманауи авторлардың әдістемелік ұсыныстарын басшылыққа алдық. Атап айтқанда И. Г. Елисеева, А.К. Ерсаринаның мүмкіндігі шектеулі балаларды педагогикалық-психологиялық тұрғыда қолдауға арналған әдістемелік қоры қысқа мерзімге жоспарланған бағдарламаны іске асыруға қолданылды (Елисеева, Ерсарина, 2019) [5].

Қысқа мерзімге жоспарланған тәжірибелік бағдарламаның кезеңдері: анықтаушы, қалыптастырушы, қорытындылау.

Анықтау кезеңінің негізгі мақсаты: мүмкіндігі шектеулі оқушылардың сынып ортасын-

да моральдық-психологиялық атмосферасын анықтау.

Анықтау кезеңінде психикалық стресстен арылуға, өзін-өзі бағалауды түзету, белсенді өмір

статусын ұстануға, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға арналған сауалнама құрастырылды.

Сауалнама «Ашық алаң» интервью әдісі негізінде жүзеге асты. Сұрақтар легі (кесте 1):

Кесте 1 – Сауалнама «Ашық алаң»

№	Сауалнама	Эксперимент алаңындағы оқушылар жауабы (мүмкіндігі шектеулі оқушылар)
1	Сіз сыныпта өзіңізді еркін сезініп, ойыңызды қысылмай айта аласызба?	– Ойымды жеке мұғалімге айтамын; – Ойымды тек санаулы оқушыларға айта аламын; – Көбінесе сабақтансоң қалып, мұғалімге айтамын; – Көңіл-күйім жақсы болса, еркін сезінемін; – Сыныптастарым маған аяушылықпен қарайды, ал мен оны ұнатпаймын – Жауап бермеді
2	Сабаққа дайындалу барысында немесе оқушылармен сұхбаттасу барысында келеңсіздіктер бола ма?	– Сабаққа дайындаламын, бірақ кейде айтуға қысыламын; – Оқушылармен сөйлесемін, бірақ тек сабақ бойынша; – Сабаққа дайындалуға ата-анам көп көмектеседі; – Сыныптастармен доспын, түсінбеушілік болмайды; – Сабақты оңаша жауап бергенді ұнатамын және үзіліс кезінде жеке қалуға тырысамын; – Көбінесе жазбаша дайындалып, айтамын
3	Армандар орындалады дегенге сенесізбе? Оларға жетудегі жоспарларыңыз бар ма?	-менің армандарым көп, бірақ олар орындалмайды; -басты арманым бар, бірақ ол мүмкін емес, себебі.....; -мен мектепке әрең үйрендім, ал университетке түссем, олар мені қалай қабылдайды, қорқыныш бар; - мен сияқты адамға жоспар құру қиын; - айтпасам бола ма. (жауап жоқ)
4	Мектепте, сыныпта немесе отбасы тарапынан кімнен қолдау күтесіз	– Мен күйзелісте болғанда мектеп психологына жүгінемін; – Бірнеше күн бөлмемен шықпауға тырысамын; – Ата-анамды жақсы көремін, мені қолдайды. Кейде оларды өзім үшін аяймын; – Сыныпта екі досым бар, олар нағыз достар; – Мен ешкімнің қолдауына мұқтаж емеспін (агрессия); – Мен көбінесе көңілді фильмдер көргенде, өзімді тыныштандырамын
5	«Мен үшін тосқауыл жоқ, өйткені...» ой тезісін жалғастырыңыз	– Бұл сұраққа жауап беруге қиналамын; – Тосқауылдан шығуға күрескім келеді, бірақ қалай? – ..өйткені барлығы менің қойған мақсатыма, жоспарыма байланысты болмақ; – Мен сияқты адамдар өмірде үлкен жетістікке жеткендер бар шығар, соларды үлгі етемін; – Осы күйдің өзі тосқауыл..

Сауалнама жаппай сынып оқушыларымен дөңгелек үстел форматында жүргізілді. Қойылған сұрақтарға барлық оқушылар жауап беруге тырысты, ал мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жауабы жазып алынды. Әр сұрақ 20 % бірлікпен сыналды. Коммуникацияға түсу және өмірдегі позитивке бейімділігі мынадай көрсеткіштерге ие болды.

- А- 56 %
- Ж- 48 %
- Қ- 61 %
- С-62 %
- Т-50 %
- Е-44% .

Диагностика нәтижесі бойынша мұндай категориядағы оқушылардың дені жалпы мек-

теп қоғамына үйренгенін, ортаға бейімделгенін байқатты. Алайда әліде қиыншылығы барын жоққа шығармаймыз.

Оқушылардың алғашқы және екінші сұраққа берген жауаптарын талдай келе, сыныпта өз ойларын еркін жеткізуде әліде қиыншылықтар бары байқалды. Кейбір оқушылар тек мұғаліммен ашық сөйлесе алатынын мәлімдеді. Сонымен қатар, олардың көңіл-күйлерінің ауыспалы режимде өтетіні көрінді.

Үшінші сұрақ бойынша алған жауаптар бойынша мынадай нәтижелік сипаттама беруге болады. Оқушылар армандарының орындалу мүмкіндігі аздығын тікелей тұлғалық ерекшелігімен байланыстырады. Олардың пайымдауынша глобальды армандарға жету мүмкін емес деп есептейді. Тіпті бұл сұраққа жауап беруге бас тартқан оқушыларда болды.

Сол себепті оқушыларға үздіксіз мотивациялық комплексті жұмыстарды ұйымдастыру қажет деп есептейміз.

Төртінші сұрақ бойынша оқушылар қолдау субъектісі ретінде бірі ата-ана, енді бірі психолог, ал үшіншісі бір-екі досын ғана ата-са, қалғаны өзді-өзімен күресетінін аңғартты. Мұндай жағдайда оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту үшін, біріккен іс-әрекетке жұмылдыру қажет деп санадық.

Сұхбатымыздың бесінші сұрағы бойынша оқушылар өз ерекшеліктерін ескере отырып, өмірдегі тосқауылды жеңуге әлсіз екендерін байқатты.

Анықтаушы кезеңнің кешенді талдауынан кейін мектеп психологы, сынып жетекшісімен бірлесе отырып, қалыптастырушы кезеңде бірқатар психологиялық қолдауға бағытталған іс-шаралар өткізу жоспарланды.

Сыныптағы мүмкіндігі шектеулі оқушылардың белсенділігін нығайту, оқушылармен ашық әңгіме құруға дағдыларын қалыптастыру мақсатында «**коммуникациялық прогресс**» диалог ойыны ұйымдастырылды. Ойын мазмұнына сай сыныпта бірнеше топтар құрылады. Оларға ортақ тақырып ұсынылды және әр топ өзінің функционалдық қызметіне сай жауап беруге тырысты.

Қалыптастыру кезеңінің 1-іс-шарасы:

Өткізілген тақырып «Министрлер кеңесі». Проблемалық сұрақ түйіні берілді және «халық», «жергілікті өкімет органдары», «министрлер одағы», «жәбірленушілер», «жақтаушылар» рөлдік топқа бөлінді. Шараның өту барысын бақылау нәтижесі бойынша мүмкіндігі шектеулі оқушылар үлкен қызығушылықпен қатысып, барынша коммуникацияға түсуге тырысты. Ойларын ашық жеткізіп, тіпті дәлелдеу, нақтылау, теріс-бұрыс жағын негіздеу сынды позицияларды фактілермен атап отырды. Өзара қолдау, бір-бірін ойын құптау сынды қасиеттері байқалды.



Сонымен бірге, анықтаушы бөлімде белгілі болған проблеманың бірі: «біз сияқты адамдардың арманы орындалуы мүмкін емес» қағидасын сейілту, керісінше сенім ұялату мәселесі негізге алынды. Ол үшін оқушыларға әлемдегі елеулі жетістікке жеткен мүмкіндігі шектеулі **блогер, мотиватор, спикерлердің** бейне-мотивациялық роликтері көрсетілді (кесте 2).






Қалыптастырушы кезеңнің 2-шарасы:

Нысанға алынған танымал спикерлердің мотивациялық материалдары ұсынылды. Бейнефильмдер тікелей (сынып ішінде) және жанама түрде (сілтеме жіберу арқылы) көрсетілім ұйымдастырылды.

Тіркелу порталы: YouTube әлеуметтік желісі.

Кесте 2 – Бейнероликтер атаулары мен бағыттылығы

№	Бейнеспикер	Бейнематериал мақсаткерлігі	Ресурстар
1	2	3	4
1	Николас Джеймс (Ник) Вуйчич —жазушы және меценат (Мельбурн, Австралия)	Мотивациялық бағыты: Өмірде кез келген адам өміріндегі тосқауылға төтеп бере алады. Жетістік тұғыры тек өз қолында. Өзінді қабылда және күрес, себебі сенің қолыңнан келеді.	
2	Хамитов Ербол -паралимпиадашылар арасында элем чемпионы. Жекпе-жек пен Джигу джитсу спорт шебері. (Қазақстан)	Мотивациялық бағыты: Жүрек қалауындағы іспен айналысып, толағай жетістікке жетуге болады. Ең бастысы ықылас пен ниет!	

1	2	3	4
3	Қазақстанның жасөспірімдер арасындағы паралимпиадашылар ассоциациясы (Деректі фильм)	Мотивациялық бағыты: Ассоциация инклюзия санатындағы адамдардың белгілі бір спортпен шұғылданыуына мол мүмкіндік береді және әдемдік ареналарда бақ сынасуға мүмкіндік алады	
4	Кэролайн Кейси- Инклюзия революциясының катализаторы, әлемдік спикер, (Ирландия)	Мотивациялық бағыты: Искерлік және саяси әлемге ұлттық және халықаралық деңгейде мүгедектердің қабілеттерін арттыруға арналған көшбасшылық пен көзқарастың бірегей үйлесімін әкелді. Бүкіл әлем бойынша спикерлік сағаты бірнеше беделді марапаттарға ие болды.	
4	Мұқтажға мүмкіндік берген жоба (Қазақстан)	Мотивациялық бағыты: Мүмкіндігі шектеулі адамдардың жұмыстың әр саласын игеруге бағытталады. Жоба аясында кәсіптік білімін жетілдіру мүмкіндіктері қарастырылған.	
5	Хуан Гофу -мүмкіндігі шектеулі суретші, Қазіргі уақытта Хуан Гуофудың картиналары әлемде ең көп сұранысқа ие (Қытай) Арманымға жетуге ешкім тоқтата алмайды! Мотивациялық әрі тәжірибелік сабақтар авторы	Арманның нақты болса, бәрінеде қол жеткізуге болады. Тек арманды шексіз сүю керек, сонда ол сені қуанышқа, байлыққа кенелтеді.	 

Мотивациялық фильмдерді көру арқылы жалпы оқушылардың өмірге құлшыныстарын ояту, физикалық тұрғыда кемістігі бола тұра кез келген мақсатқа жетудегі сенімін ұялату, болашақта бойында бар қасиетті дамытуға итермелеу, әлемдік деңгейде және қоғамда орын алған ірі ұйымдар туралы ақпарат беру көзделді.

Көрсетілген материалдардан бөлек бірнеше мотивациялық комплекс сілтемелері жолданды

<https://www.youtube.com/watch?v=VqbTOGbEdf8> (Тосқауылсыз өмір)

<https://www.youtube.com/watch?v=GSYKe0FA8t4> (Жаратуышының саған арнаған арнайы жоспары бар)

<https://www.youtube.com/watch?v=BV71kY4VsA> (Живи Каждый День Не зря!)

<https://www.youtube.com/watch?v=9Zoac9Wn0UE> (Мен сенің арманыңа сенемін)

<https://www.youtube.com/watch?v=eHU9-snsKJI> (Как я справился с унынием)

Қалыптастырушы кезеңнің 3-іс-шарасы: «Мен өз өмірімнің сәулетшісімін» әдістемесіне негізделген сурет салу және оны сынып алдында қорғау.

Мақсаты: оқушылардың армандаған жарқын болашағының бейнесін ақ парақ бетіне түсіру және жету жолын айқындаудағы бағыт-бағдарын анықтау. Суреттің крэдосын жариялау.

Өткізілген іс-шара жаппай сынып оқушыларына жіргізілді. Нысанға алынған мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жұмыстары бойынша мынадай талдау нәтижесін көруге болады:

А – болашақта ірі кәсіпкер боламын. Кэрлайн Кейси сияқты инклюзиялық орталықтар ашып, мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамның тең мүшесі сияқты өмір сүруге жағдай жасаймын.

Ж – Менің сурет салу өнерім бар. Сол өнерді дамытып, курстарға жазылуды жоспарлаймын. Бәлкім болашақта суреттерім әлемдік деңгейлердегі көрмелерде орын алады.

Қ – Маған бейнероликтер қатты әсер етті. Мен тіпті олардың қасында өзім ұялдым. Құлағым нашар естіседе, қол-аяғым сау, ойым ұшқыр. Сол себепте жоспарым көп болып тұр. Ал негізгісі жазушылықты ұнатамын, өлең шығарамын. Осы қырымнан дамытуды көздедім.

С – Мен ата-анамды бақытты етуге тырысамын. Оларға мен көп ренжуші едім, олай болмайды екен. Керісінше отбасын көтеруге көмектесемін деп бел будым.

Т – Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған ұйымдарды терең зерттеп, өзіме ұнайтын қол өнер шеберханасына қатысамын. Болашақта ЖОО осы сала бойынша білім алып, авторлық дизайнер жасаймын. Ол менің қолымнан келеді!

Е – Өмірде кез келген адамға мақсатқа жетуге болады екен. Күнделікті еңбек пен сенім керек. Мен өзім ұнататын шахматты жалғастыруды ұйғардым. Бәлкім болашақта әлемнің шахматшылар бестігінің бірлігіне кірермін.

Қалыптастырушы кезең барысында ұйымдастырылған іс-шаралар заманауи форматқа негізделді және тиімді әдістемелер арқылы жүргізілді. Өткізілген іс-шаралар арқылы қоры-

тынды сұрақтар дайындалды және өсу динамикасын байқатты. Әр сұрақ 10 балмен сыналды

Қорытынды жұмыстың сұрақтар легі:

1. Сіздің өмірлік кредоңыз қандай?
2. Сізді жігерлендіретін ұран?
3. Өз мүмкіндігіңізді жіберіп алмауға дайынсызба?

4. «Досы көпті жау алмайды» пікірді дәлелдеңіз ?

5. Тығырықтан шығу жолы бар дегенге сенесізбе?

6. Мақсатқа жету үшін не қажет?

7. Жаныңызға жақын адам деп кімді есептейсіз?

8. Достарыңыздың сізге қарсы пікірін қалай қабылдайсыз?

9. Лидерлік қасиетті дамытудағы бес қадам?

10. Бақытты болу үшін сіз үшін не істеу керек?

Қорытынды сауалнаманың нәтижесі бойынша мүмкіндігі шектеулі оқушылардың өмірге деген көзқарасы, сыныптағы позитивке бейімділігі мынадай көрсеткіштерге ие болды.

А – 82 % (26 % артты)

Ж – 81 % (33 % артты)

Қ – 79 % (18 % артты)

С – 80 % (18 % артты)

Т – 78 % (28 % артты)

Е – 70% (26 % артты)

Тәжірибелік жұмыс нәтижесі аталған проблеманы түбегейлі шешті деп айтуға болмайды. Дегенмен, қолданылған әдістер, өткізілген шаралар тиімділігін дәлелдеді. Тәжірибелік жұмыстың бастапқы кезеңінде мұндай санаттағы кейбір оқушыларда оқшаулану, сыныпта өзін енжарлы ұстау, белгілі ортада өзін еркін сезіне алмау сынды белгілер айқын байқалса, қалыптастырушы кезеңнен кейін оқушылардың бойынан жігер, белсенділік, жағымды коммуникациялық қозғалыс, сенім ұялағаны байқатты.

Бүгінгі қоғамда мұндай категориядағы адамдардың тұлға ретінде дамып қалыптасуына ықпал ету, қолдауға бағытталған білім-тәрбие жүйесін ізгілендіруде әлеуметтік педагогтардың жаңаша, тиімді әдіс-амалдармен қаруланулары шарт. Сол себепті тәжірибелік жұмыс нәтижесінде аталған мәліметтерге сүйене отырып, бірқатар ұсыныстар береміз:

– Әлеуметтік педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізетін жұмыс жоспарына әлеуметтік желі платформаларындағы авторлық мотивациялық роликтерті, сабақтарды кіріктіру (электронды әдістемелік каталог жасақтау);

– Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың шығармашылық бағыттағы жұмыстарын жергілікті, республикалық және халықаралық деңгейдегі ірі-кіші жарыстарға жолдауын үздіксіз ұйымдастыру;

– Мүмкіндігі шектеулі оқушыларының бейін-қабілеттеріне орай белгілі қоғамдық ұйымдарға тіркелуіне мүмкіндік жасау.

Мақаланы қорытындылай келе, әлеуметтік педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін

оқушылармен жүргізетін психологиялық сүйемелдеу жұмысы үздіксіз жүргізілу қажеттігі әлі де өзекті екенін атаймыз. Зерттеу міндеттеріне сәйкес әлеуметтік педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізетін психологиялық сүйемелдеу жұмысының құрылымдық сипаты ашылып, тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында қолданылған әдіс-амалдардың тиімділігі дәлелденді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
2. Президенттің халыққа Жолдауы-2021ж. URL: https://baq.kz/inklyuzivti-bilim-kazakstanda-erekshe-balalar-kalay-bilim-alady_244410/
3. Сиротюк А. Л. Нейропсихологическое и психофизиологическое сопровождение обучения // М.: ТЦ сфера. – 2003. – Т. 288. – С. 153-186.
4. Ардзинба В. А. и др. Инклюзивное образование инвалидов в Соединенных Штатах Америки // Психолого-педагогические исследования. – 2010. – Т. 2. – №. 5.
5. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру мектебінде психологиялық педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік нұсқаулық.– Алматы: «ТП ҰҒПО», 2019.– 92б.
6. Шилденнова Т.К. Инклюзивті білім беруде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ортасы»: инклюзивті білім беру мектептерінің мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. – Атырау: 2014. – 78 б.
7. Рахимова А. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы // Дефектология. – 2015. – № 8. – 8-9 б.
8. Махамбетова Ж.Т. Формирование профессиональных компетенций будущих социальных педагогов к работе в условиях инклюзивного образования: диссертация PhD – Алматы, 2023.
9. Magauova, A., Makhambetova, Z. Inclusive education abroad: problems, experience and perspectives // Journal of Educational Sciences, 2019. V.58(1). P. 91-100.
10. Яковлева И.М. Педагогтарды денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істеуге дайындау. – М.: Спутник, 2012. – 133 б.

References

- Ardzinba, V. A. (2010). Inkluzivnoe obrazovanie invalidov v Soedinennyh Shtatah Ameriki [Inclusive Education of People with Disabilities in the United States]. *Psychological Science and Education Journal*, 2, 5. (in Kazakh)
- Eliseeva, I. G., & Ersarina, A. K. (2019). Erekshe bilim beruge qajettiligi bar balalarğa jalpy bilim beru mektebinde psihologialyq pedagogikalıyq qoldau kórsetu. Ädistemelik nüsqaulyq [Psychological and Pedagogical Support for Children with Special Educational Needs in Inclusive Schools]. *Almaty: TP UGPO*, p. 92. (in Kazakh)
- Kazakhstan Republic Government. (2019, December 27). Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 qaulysy [On the Approval of the State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (in Kazakh) (in Kazakh)
- Magauova, A., & Makhambetova, Zh. (2019). Inclusive Education Abroad: Problems, Experience, and Perspectives. *Bulletin of KazNU. Pedagogical Series*, 58(1), pp. 91-100. Available at: <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/558>.
- Makhambetova, Zh. T. (2023). Formirovanie professional'nyh kompetencij budushhih social'nyh pedagogov k rabote v uslovijah inkluzivnogo obrazovanija [Formation of Professional Competencies of Future Social Pedagogues for Work in Inclusive Education]. *Doctoral Dissertation*, Almaty. (in Russian)
- President's Address to the People of Kazakhstan-2021. URL: https://baq.kz/inklyuzivti-bilim-kazakstanda-erekshe-balalar-kalay-bilim-alady_244410/ (in Kazakh)
- Rakhimova, A. (2015). Inkluzivti bilim beru jaǵdaiynda damu mümkindigi shekteuli oqushylardy psihologialyq-pedagogikalıyq qoldau qyzmetiniñ üymdastyrylyu [Organization of Psychological and Pedagogical Support Services for Students with Disabilities in the Context of Inclusive Education]. *Defectology*, 8, pp. 8-9. (in Kazakh)

Shildenova, T. K. (2014). *İnklüzivті bılım berude psihologialyq-pedagogikalyq süiemeldeu ortasy»:inklüzivті bılım beru mektepteriniñ müğalimderine arnalğan әdistemelik qūral* [Psychological and Pedagogical Support for Inclusive Education: A Handbook for Teachers of Inclusive Schools]. Atyrau, p. 78. (in Kazakh)

Sirotyuk, A. L. (2003). *Neiropsihologicheskoe i psihofiziologicheskoe soprovjdenie obuchenia* [Neuropsychological and Psychophysiological Support for Learning]. Moscow, p. 162. (in Russian)

Yakovleva, I. M. (2012). *Pedagogtardy densaulyq мүmkindikteri शेkteulı balalarmen jümys isteuge daiyndau* [Preparing Teachers for Work with Children with Disabilities]. Moscow: Sputnik, p. 133.(in Kazakh)